

Мінездеме – белгілі бір адамның өмірбаянын, білімілігін, кісіптік, адамшылық тұрғыдан мінез-құлқын сипаттай отырып жазылатын іс-қағазының бір түрі.

1-үлгі. Қызметтік түрі

Мінездеме

Жетпісбаев Нурлан Асхатұлы 1980 жылы 10 наурызда Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылында туылған. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы.

1998 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы Өл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, оны 2003 жылы үздік дипломмен бітірген. 2003 жылы «Каспийн трейд» акционерлік компаниясында баспасөз орталығында аудармашы болып қабылданды.

2005 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлтық педагогикалық университетіннің филология мамандығының магистратурасына қабылданып 2007 жылы оны үздік бітірген.

2007 жылы Алматы Техникалық университетіне оқушы қызметіне қабылданды.

Н.А. Жетпісбаев – оқу әдістемесін жақсы игерген, білікті маман. Сабақтарын жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейге өткізеді. Қазіргі сабақ жүргізудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін практика жүзінде қолданады. Кафедраның тәрбиелік іс – шараларына белсенді қатысады. Сонымен қатар студенттермен оқу – тәрбиелік жұмыстарын жүйелі түрде өткізіп тұрады. Халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға қатысады, бірнеше ғылыми мақалалары бар.

Н.А. Жетпісбаев – өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды. Мінезі ашық. Студенттер мен әріптестерінің арасында беделді. Сынды дұрыс түсінеді. Ол қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біледі. Компьютермен жұмыс істеуде тәжірибесі мол.

Мінездеме доктурантура конкурсына қатысуы үшін беріліп отыр.

Мінездеме беруші:

Тілдер кафедрасының
меңгерушісі п.ғ.к., доцент
Д. Абросимова

(қолы)

12 желтоқсан, 2016 жыл

2-үлгі. Аттестациялық түрі.

Мінездеме

Тұрсынбаев Али Мұратұлы 1966 жылы 25 наурызда Алматы облысы, Қаскелен қаласында туған. Ұлты-қазақ. Білімі-жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы.

Али Мұратұлы 1986 жылы Қаскелен қаласындағы Абай атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, 1987 жылы Алматы қаласындағы қазіргі Т.Рықұлов атындағы қазақ экономикалық университетінің ақпараттық технологиялар факультетіне оқуға түсіп, оны 1993 жылы бітірген.

1987-1993 жылдар аралығында ЖШС «Дрон» жобалану институтында қызмет атқарды. Қазіргі уақытта Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің «Ақпараттық технологиялар және нейрон жүйелері» ғылыми-зерттеу орталығында жетекші маман қызметін атқарады.

1993-1997 жылдар аралығында Ұлттық Ғылым Академиясының математика институтында сырттай оқитын аспирантурасында оқып, 1998 жылы «Нейрон жүйелері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

А.М. Тұрсынбаев - өз ісін білетін, тәжірибелі маман. Ол-бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. А.М. Тұрсынбаевтың нейрон жүйелері атты еңбегі Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетінде мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

А.М. Тұрсынбаев қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біледі. Компьютер бағдарламаларын жетік меңгерген.

А.М. Тұрсынбаев әріптестерінің арасында беделді. Мінезі ашық, адамдармен тез тіл табысады. Үйлен. Үлгілі отбасы иесі.

А.М. Тұрсынбаев қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық.

Мінездеме Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің «Ақпараттық технологиялар және нейрон жүйелері» ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметіне ұсыну үшін берілді.

Мінездеме беруші:

Академик И.М. Берргер

(қолы)

9 ақпан, 2012 жыл

3-үлгі. Жеке (функционалды) түрі.

Мінездеме

Момынова Назгүл Амангелдіқызы 1980 жылы Жамбыл қаласында туған. Білімі жоғары. Ұлты-қазақ. Қазақстан Республикасының азаматшасы.

2008 - 2010 жылдар аралығында «Қызыл-май» өндірістік бірлестігінде инженер болып қызмет істеді.

2012 жылдан бастап осы бірлестіктің «Зерттеу және мониторинг» бөлімінің жетекшісі, ал 2014 жылдан «Қызыл-май» өндірістік бірлестігінің атқарушы директоры қызметін атқаруда.

Момынова Назгүл Амангелдіқызы Зерттеу және мониторинг бөлімінде жетекшісі болып істеген кезінде, қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді. Өз мамандығы бойынша кәсіптік шеберлікті жақсы меңгерген. Коомпьютер мен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Ағылшын тілін жетік меңгерген. Тұрмыс құрған. Мектепте оқитын ұл мен қыз тәрбиелеп отыр.

2014 жылы Новосибирск қаласындағы «Сибхимфарм» өндірістік бірлестігінде «Сұйық заттарды бақылау және мониторинг» орталығында кәсіби дайындықтан өтті. Дайындық өткен орнынан берілген пікір жағымды.

Мінезі ашық. Ұйымдастырушылық қабілеті ерекше. Ерік-жігері орташа. Қиын жағдайда өз бетінше, дұрыс шешім қабылдай біледі. Өндірістік мәселелерді талқылағанда тік мінезділік көрсетеді, Турашыл. Сынды дұрыс түсінеді. Кемшіліктерін тез түзеуге тырысады.

Мінездеме «Қызыл-май» өндірістік бірлестігінің атқарушы директор лауазымын ұзарту үшін берілді.

Мінездеме беруші:

«Қызыл-май» өндірістік бірлестігінің

Вице-призиденті Петросян Д.К.

(қолы)

28 маусым 2016 жыл.